

***НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-XII:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»***

**Международная научно-практическая
конференция**

23-24 февраля 2023 года
**Сборник статей
ТОМ I**



г. Астана

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-XII:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

**Международная научно-практическая
конференция**

23-24 февраля 2023 года

**Сборник статей
ТОМ I**

г. Астана

УДК 80/81

ББК 81.2
Н 90

Рецензенты:

Тахан С.Ш. - д.ф.н., проф. ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва (г. Астана, Казахстан);
Альбекова А.Ш. - к.ф.н., доц. Казахского агротехнического исследовательского университета им. С. Сейфуллина (г. Астана, Казахстан).

Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали

Члены редколлегии: д.ф.н., проф. К.Р. Нургали, д.ф.н., проф. И. Любоха-Круглик, д.ф.н., проф. Л.Е. Беженару, к.ф.н., доц. А.Г. Нарушевич, к.ф.н. проф. Л.Г. Мукажанова, к.ф.н., доц. Нурманова Ж.К.

«Нургалиевские чтения-ХІІ: Научное сообщество ученых ХХІ столетия. Филологические науки»: сборники статей в трёх томах по материалам Международной научно-практической конференции (23-24 февраля 2023 г., г.Астана / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р. Нургали. – Астана: «Мастер ПО», 2023. – Том I. – с. 247.
ISBN 978-601-337-834-3

В сборники статей Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения- ХІІ: Научное сообщество ученых ХХІ столетия. Филологические науки» (23-24 февраля 2023 г., г. Астана) вошли доклады участников конференции, которые выступили с результатами исследований по литературоведческим и лингвистическим проблемам.

Участниками данной конференции являются профессорско-преподавательский состав, учителя школ и обучающиеся вузов-партнеров из городов Казахстана (Астаны, Алматы, Павлодара, Кызылорды, Семей, Тараза, Уральска, Усть-Каменогорска, Актобе, Атырау), Российской Федерации (Москва, Казань, Таганрог), Беларуси (г. Гродно), Молдовы, Узбекистана (Каракалпакии), Кыргызстана, а также из Польши (Катовице), Румынии (Яссы).

Сборник статей включает материалы выступлений по различным темам, посвященным актуальным проблемам теории языка и литературы, внедрению педагогических технологий в обучение языку в вузе и школе, современным подходам к анализу и интерпретации художественных произведений, а также вопросам детской литературы.

Материалы конференции изданы в трёх томах.

Первый том включает тексты выступлений с приветственным словом координаторов вузов-партнёров, доклады участников, выступивших на пленарном заседании. а также материалы участников секций: учителей школ, преподавателей, аспирантов и докторантов вузов.

Второй том состоит из статей магистрантов и студентов секций № 1-3: «Теория и методология науки о языке и литературе», «Русский язык в Казахстане и мире: проблемы и решения», «Виды и методы анализа художественного текста».

В третий том вошли статьи магистрантов и студентов секций № 4-6: «Вопросы изучения и преподавания языка и литературы в школах ми вузах», «Современные тенденции функционирования русского языка как иностранного», «Литературоведение, перевод и интерпретация текста».

Данные сборники рекомендованы как состоявшимся ученым-исследователям по филологическим и педагогическим направлениям, так и молодым соискателям.

ISBN 978-601-337-834-3

© ТОО «Мастер ПО», 2023

7. Васильев Н. Л. Словарь языка А. И. Полежаева. – Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, 2001. – 88 с.
8. Васильев Н. Л. Словарь поэтического языка Д. В. Давыдова // Н.Л. Васильев, Д. Н. Жаткин. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2016. – 100 с.
9. Васильев Н. Л. Словарь поэтического языка П. А. Вяземского (с приложением малоизвестных и неопубликованных его стихотворений) // Н. Л. Васильев, Д. Н. Жаткин. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2015. – 424 с.
10. Васильев Н. Л. Словарь Н. М. Языкова // Н. Л. Васильев, Д. Н. Жаткин. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 120 с.

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются частотные словари языка писателей. Цель исследования – выявить и описать некоторые особенности лексикографических трудов, изданных в XXI веке, с точки зрения содержания словаря и структуры словарной статьи. В ходе изучения частотных словарей языка писателей были обнаружены такие тенденции авторской лексикографии, как увеличение лексикографируемого корпуса, обновление и обогащение количественных параметров, жанровый синтез и появление серийных изданий. Словарная статья в современных частотных словарях удлиняется: даются грамматические и функционально-стилистические пометы, разрабатываются иллюстративная и отсылочная зоны. В аспекте содержания лексикографической работы выделяются словари, в которых отчётливо выражено стремление к всестороннему описанию лексико-семантических групп и полей. Таким образом, в результате проведённого анализа был сделан вывод о том, что частотный словарь языка писателя может представлять собой основательное и многогранное исследование идиостиля.

Ключевые слова: русский язык, авторская лексикография, частотный словарь, идиостиль

FREQUENCY DICTIONARIES OF WRITERS' LANGUAGE: STRUCTURAL FEATURES AND CURRENT TRENDS

Baranovskii P. S.,
 PhD Student
 Immanuel Kant Baltic Federal University,
 Kaliningrad, Russia.

Abstract: The article analyses frequency dictionaries of writers' language. The purpose of the scientific research is to identify and describe some features of lexicographic works, published in the twenty first century, in terms of the content and the structure of the dictionary entry. In the process of studying the frequency dictionaries of the writers' language, such salient features of the author lexicography as an increase in the text corpus, updating and improving of quantitative parameters, genre fusion and the creation of serial publications were found. The dictionary entry in modern frequency dictionaries is expanded: grammatical and functional-stylistic notes are given, illustrative and reference zones are developed. As regards the content of lexicographic work, dictionaries stand out, in which the desire for a comprehensive description of lexical-semantic groups and fields is clearly expressed. The analysis results show that the frequency dictionary can be made as a thorough and multifaceted study of idiosyle.

Keywords: Russian language, author lexicography, frequency dictionary, idiosyle

АБАЙ ТҮЛҒАСЫ МӘДЕНИ АРХЕТИП РЕТІНДЕ

Демесинова Л.М.,
 докторант
 Л.Н.Гумилев атындағы
 Еуразия ұлттық университеті
 Астана қ. Қазақстан
[lmdemessin@gmail.com](mailto:lmдемессин@gmail.com)
 Ғылыми кеңесші – Оразбек М.С.,

XX ғасыр басында швецарлық психоаналитикалық ғалым К.Г.Юнг негізін салған архетип теориясы бүгінде барлық ғылым салаларында өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Архетип теориясы негізінде кез келген тұлғаның ұжымдық бейсанасында архетип түсініктер болады, ол көркем шығармашылық пен түс көргенде, неврозда анық байқалады. Зерттеу мақаласында біз ақын образының архетип тұлғаға айналу трансформациясын қарастырып отырмыз.

Архетип ақын тұлғасы мәселесін қозғағанда, К.Ходжкинсонның ілімі негізінде көшбасшыларды «мансапқұмар тұлға», «саясаткер тұлға», «құрастырушы тұлға» және «ақын тұлға» болып қарастырылады. Жалпы қоғамда ақындық, дін мен саясатты бір-бірінен бөліп қарастыруға келметін дүниелер екені белгілі. Бізге керегі «ақын тұлға», шығармашылық тұлға бағыты бойынша қарастырсақ, ерекше қабілетке ие ақын тұлға күнделікті күйбең тіршіліктен ада, өзінің ерекше әлемінде, қиял әлемінде, терең ой түбінде жүретін тұлға болып келеді. Бұндай тұлғалар өз қоғамының трансформаторлары болады, сондықтан да, көп сынға ұшырап, дер кезінде халықтың бағасын ала алмай жатады. Тіпті бұндай архетип тұлғаларды кей ғалымдар қоғамға қауіпті адамдар деп таныған, оған мысал Гетені жамандықты насихаттады деп кудалауы, Абайдың жақындарынан жәбір көруі, Шекспирдің шығармашылығына қатысты жалған ақпараттар. Бұндай тұлғаларды Платон «басқарушы ақын» деп ақиқатты тану жолында материалдық құндылықтан өздерін жоғары қоятын рухани идеал тұлғалар деп сипаттайды. Себебі ақын архетип тұлғалар үшін қарапайым тұрмыс-тіршіліктен жоғары тұратын басқа да рухани құндылықтар маңызды. Олар халықтың санасын оятуға, адамзатты жақсылыққа шақырып, тұтас ұлт санасын да өзгертуге қабілетті. К.Ходжкинсонның «Көшбасшылық философиясы» еңбегіндегі пікірге жүгінсек: «нағыз «ақын тұлға» өзіне дейінгі архетип тұлғалардың бар ілімін бойына сіңіріп, кемелденіп, жаңа деңгейге көтеріледі және сол ілімін халқы мен еліне қызмет ету үшін жұмсайды. Сондықтан да қанша уақыт өтсе де оның беделі өспесе кемімейді» [1] деп тұжырым жасайды. Сонымен қатар зерттеуші «ақын тұлға» мен «мансапқұмар тұлға» екеуін бір-біріне қарсы қояды, өйткені ақын мансапқұмар адам сияқты жеке басының мүддесін бірінші орынға қоймайды. Адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ақын үшін мансаптың қажеті жоқ. Осы ретте, Абай Құнанбайұлының, әу-баста, ақындықты кәсіп қылмай, өз өлеңдерін маңайындағы ақын шәкірттерінің атынан шығарғанын да білеміз.

А.Андреев тұлғаның мәдени архетипін зерттеуде:

- Адам – ұлы. Ұлы дейтініміз табиғат берген сананың арқасында адам түрлі жаңалықтар ашып, көркем өнер туындырады, өмір заңдылықтарын биік санасы арқылы реттеп отыру;

- Адам – күлкілі. Күлкілі дейтініміз табиғат берген сананы шектен тыс сезім мен эмоцияның әсерінен асыра пайдалану, бесаналы түрде шектен шығу;

- Адам – қайғылы. Қайғылы дейтініміз асыра сілтеудің нәтижесінде жасағанын өмір бойы арқалап жүру.

Адам жоғарыда көрсетілген үш күйдің біртұтастығының нәтижесі. Яғни ұлылық, қайғы мен қуаныш бір уақытта болды. Тек оны дұрыс пайдаланған адамда ғана өз жемісін береді» [2, 14 б.]. Мәселен Абайдың архетип тұлға ретіндегі ерекшелігін айтар болсақ, ақын өз қоғамының негізгі мәселелерін білді және оны шешу жолдарын қарастырды (жырлары арқылы), өзі өмір сүрген қоғам мен адамдардың іс-әрекеттерінің ақылға сыймайтынын әрекеттерін ащы зармен сезінді және оның қандай трагедия екенін де түсінді, міне, ақынның ұлылығы да осында. Бұл туралы А.С.Пушкин де архетип тұлға дәрежесіне көтерілген ақындардың феноменін шығармашылық терең ойлау қабілетінен бөлек «ерекше батылдығы, күш-жігері» бар адамдар деп түсіндіріп, олардың қатарына Шекспир, Данте, Гете, Мольерді қосады [2, 15 б.]. Бұл жерде Пушкиннің айтпақ ойы, ақын ретінде тек өлең құрылысына мән беріп, ұйқас қуу емес, феномен тұлға ретінде «ерекше батылдығы, күш-жігері» бар, жаңашылдықтан қорықпайтын, терең ой мен идеяның көркем сөзбен ұштасып жатуы, Абайша айтсақ:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [3, 72 б.]

Қарапайым мысал ретінде Абайдың «Қыс» өлеңін алар болсақ, ақын жырында қыс мезгілін жанды табиғат суреттерімен жырлап, ерекше картина жасай алды, табиғат құбылысындағы циклдылық пен адам өміріндегі циклды, яғни адам өмірінің жазы мен күзі өтіп, қысының келуі мен кәріліктің символы болған қария образымен сабақтасып жатуы, табиғат лирикасына арналған жырдың өзінде сол заманның өзекті мәселесі халықтың тұрмыс-тіршілігі де шебер жымдастырылып кеткен. Бір қараған оқырманға тек қыс мезгілі сипатталғанымен адам өмірінің қысы да тілге тиек болғанын аңғаруға болады. Міне, Абай феномені де осында жатыр. Жалпы Абай шығармашылығын тұтастай алып қарар болсақ, ақын қай тақырыпты жырласа да, айтар ойы – адамзатты сүйу, оқу-білім, ғылым, кәсіп үйрену мен адам еңбек ету. Өлеңдері мен қарасөздерінің барлығының соңында автор осы оймен түйіндеп отырады. Себебі сол кездегі қоғамда өршіп тұрған мәселелердің бірі адамдардың сауатсыздығы мен жалқаулығы, бос сөз бен өтірік өсекпен әуре болып, білімсіздіктің салдарынан абдыраған халықтың аянышты халін көрген ақын кез келген тақырыпты жырлауда адамзатты тек жақсылыққа шақырып отырады.

Тарихтан білетініміздей У.Шекспир, В.Гете, А.Пушкин, М.Ганди, Мартин Лютер Кинг, Жанна д'Арк сияқты архетип тұлғалардың арқасында талай қоғамдық өзгерістер мен жаңа қоғам пайда болды. Жалпы алғанда қоғамды өзгертетін халық болғанымен, ел басына күн туғанда, қысылтаян жағдайларда сол халықты ұйымдастырушы, артынан ертуші, бағыт-бағдар берушілер архетип тұлғалар болып келеді. Біздің Абай да сол қатардан табылады. Қазақтар үшін осындай архетип, феномен тұлға – Абай. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбайұлының қазақтың бағына туған ұлы

тұлға екені даусыз. Шығыс пен батыстың, халық ауыз әдебиеті үлгелері мен орыс әдебиетін бойына сіндірген ақын адамзаттық мәселелерді қазақ танымына сай жырлай білді. Абайдың табиғат лирикасындағы көркем суреттер, өз заманындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер мен елдің жай-күйі, сана мен толық адам концепциясы, қазақ өлеңі құрылысына әкелген жаңалығы мен философиялық ойға болы қарасөздері және тағы басқа. Абайдың ұлылығын танытатын ерекшелігін тізіп айту жеткіліксіз. Бүгінгі күнде әр қазақтың Абайы болған архетип тұлғаны тек заман талабына сай зерттеп, зерделеу, тану, әр қазақтың санасына сіндіру маңызды. Абай Құнанбайұлы туралы президентіміз Қ.К.Тоқаевтің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Оның өлеңдері мен қарасөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетаным, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» [4].

Архетип тұлға мәселесінде кей ғалымдар ақынды «сакралды тұлға» ретінде қарастыру мәселесін де көтерген, мәселен С.Есениннің архетип тұлғасын зерттеуде Е.Шокальски «сакрализация» терминін қолданады [5, 169 с.]. Архетип теориясы тұрғысынан қарастырар болсақ, Абайдың архетип тұлға дәрежесіне көтерілуінің бірден-бір себебі ақынның дүниетаным мен шығармашылық ойлау қабілетінің тереңдігі, ақынның қазақ халқының ұжымдық бейсанасындағы архетип қабаттарға терең бойлауын болып отыр. Оған дәлел – Абай аудармалары. Мәселен, орыстың белгілі ақыны М.Ю.Лермонтовтан аударған «Қараңғы түнде тау қалғып», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл» сияқты өлеңдерінде Абай сөзбе-сөз аударудан гөрі ұлттық болмысымызды ескере отырып, өзінше көркем образдар мен суреттер жасай білген. М.Лермонтов «Не верь себе» өлеңінде жастықтан туған албырт сезімді «бешеная подруга» деп мінезді әйелге теңесе, Абай:

Алып шықпа базарға,

Асаудайын бұлқынтып [3, 145 б.] – деп адам бойындағы сезімдерді асауға теңейді. Немесе өлеңнің соңында орыс ақыны жеке бастың қайғысы ешкімге керек емес, сырт көзге театр сахнасындағы сайқымазаққа ұқсап, елге бос күлкі болма деген оймен түйіндесе, ол кезде қазақ үшін таңсық болатын театр туралы сөз қозғамай:

Күлкі болмай, қой жаным,

Сен бүйтесің, ол қайтгі?

Олар көрген арманын

Кімге шақты, кімге айтты? [3, 146 б.] – деп өзінше түйіндейді. Қалай болғанда да екі ақын жырларының айтары бір болғанымен екі ақын екі басқа халық менталитеті негізінде екі түрлі жырлайды. Бұл жерден байқағанымыз, қос ақын да феномен ретінде тек әдемі, көркем образдармен ғана жырламайды, екеуі де ұлт бейсанасындағы архетиптерге жүгінеді, сол арқылы халықтың ұжымдық бейсанасындағы архетип қабаттарға, ұлттық жадысына бойлайды. Абай тұлғасының архетип дәрежесіне көтеріліп, қанша уақыт өтсе де қарапайым оқырманнан бөлек, әлі де зерттеліп бітпеуінің, әр оқыған сайын жаңа түсінік, жаңа ой аларлық шығармашылығының құдіреті архетип танымда жатыр. Осы ретте, К.Г.Юнгтің шығармашылық психологиясындағы ұжымдық

бейсаналық түсінігі негізінде қарастыру маңызды. К.Г.Юнг өзінің «Аналитикалық психологияның көркем шығармашылыққа қатысы» [6] мақаласында шығармашылық тұлға, оның көркемдік әлемі мен ұжымдық бейсаналықтың байланысы, адам санасындағы архетип қабаттар мәселесіне кеңінен тоқталады. Себебі кез келген өнер туындысындағы архетиптің көрінісі оқырман мен тыңдарманын өзіне баурап алады, оны терең тұңғыққа иіріп әкетеді, себебі архетип арғы ата-бабамыздан сақталып келе жатқан дауыс, түсінік, қабылдау болып табылады. Архетип қан арқылы беріліп отыратын ұлттық жады, адамның санасындағы бұндай түсініктер мен образдар, идея мен мотив әр адамның бейсанасында сақталып қалады, ал көркем туындыларда авторлар сол архетиптерге жүгіну арқылы ұмыт болған ескі дүниелер мен ұғымдар өзінше қайта жаңғыртқанда оқырман, я көрермен санасына дөп тиіп, ерекше әсер ететіні, эмоцияға бөлейтіні сондықтан. Мысалы, қарапайым домбыраның үнін естігенде немесе аттың шабысын естіп, жылқыны көргенде кез келген қазақтың делебесі қозып кетуі, рухтануы архетип танымда жатыр. Ал әр қазақтың баласы Абайды естігенде өзінің қазақ екені есіне түсіп, кеменгерлік пен даналық, рухани байлық пен қазақтың жай-күйі ойына оралады. Себебі Абай қазақтың ақыны ғана емес, қазақтың ұлттық болмысын танытатын архетип тұлға дәрежесіне көтерілген адам. Оған дәлел Абайдың жеке басын емес, ұлт мәселесі, халықтың жай-күйі, жалпы адамзаттық гуманизм, толық адам болу жолы мәселелерін терең қозғайды, саналы адам болудың формуласын ұсынады. Ақынның:

Әсемпаз болма әр неге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де – бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан! [3, 149 б.] – деп келетін өлең жолдары арқылы өмірдің мәні мен мағынасын түсіндіріп, оқырманын өнер-білімге, адал еңбек пен өмірден өз орнын табуға шақырады.

Ақындық жолындағы өзінің басты миссиясы қара халықтың санасын ояту болды, өйткені батыс пен шығыстың жетістіктерін көзі көріп, білген Абай сол кездегі өз халқының басындағы қараңғылық пен надандықтың, ел ішіндегі алауыздық пен берекесіздіктің барлық себебі сауатсыздықтың салдары екенін жетік түсінді. Әр өлеңі мен қарасөзінің негізгі түйіні елді оқу-білімге шақыру болды. Тіпті өзінің бірінші қарасөзінде: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [7, 89 б.] – деп ой түйеді. Бір қарасөздің өзінде ақын тұтас бір дәуірдің тарихи-элеуметтік суретін сипаттап береді, орта жасқа келіп, өмірдің мән-мағынасын түсініп, жақсы мен жаманның аражігін ажыратып көрсеткендей. Бірінші қарасөзден ақынның өмірге деген шағымынан гөрі сол дәуірдің тіршілігін(мал бағу, дін бағу, бала бағу, ғылым бағу) сипаттап өзінің де кемелденгенін көруге болады. Барлық қарасөздеріне кіріспе ретінде айтылған бұл сөзден ұлттың архетип танымын, ұжымдық бейсанасындағы архетип түсінігін толық аңғаруға болады. Автор өзін қария архетипі негізінде көрсету

арқылы өмірдің баянсызын, байлаусызын аңғартып, келелі ой түйеді. Яғни К.Г.Юнг ұсынған негізгі алты архетиптің (сәби, ана, анима мен анимус, көлеңке, қария) ішіндегі абыз, қария образындағы архетипті біз Абайдың тұтас шығармашылығынан көреміз. Міне, қазақ әдебиетінде де «кемеңгер Абай» тіркесінің құлаққа сіңісіп қалғанының да астары осы қария архетипімен сабақтасып жатыр. Абайды кемеңгер деп атаудың бірден бір себебі ақын шығармаларында негізінен *қазақтың жаны/рухы, қазақтың болмысы мен қазақтың жан-жарасы* жырланады. Бұндай менталды үштікті түсіну, жырлау тек ұлттың ұжымдық бейсанасындағы архетип қабаттарды толық біліп, жан-жақты білім мен асқан дарынның арқасында терең түсінген тұлғаның ғана шамасы келеді.

К.Ходжкинсон өзінің «Көшбасшылық философиясы» еңбегінде көшбасшы тұлғаның артынан тұтас қоғамды өзіне еліте алатын ерекше қабілеті болуы керектігін айтып өтеді, саясаткерлерде харизма болуын алдыға тартса, ақындық өнерде шеберлік маңызды орын атқаруы керек. Абайдың архетип тұлғасына келер болсақ, кішкентай кезінен әкесі Құнанбайдың жанында жүріп, еш ішіндегі келеңсіздіктерге қанық болған болашақ ақын елдің санасын ояту үшін қаламды пайдаланды. Көркем сөз арқылы оқырман санасына әсер етті, сол ақындығының арқасында елді өзіне үйіре білді. Оған дәлел өзінен кейінгі ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялылары ең алдымен Абай шығармашылығымен сусындап, Абайдың ізімен қараңғы қазақты оятуға тырысты. Абай ұсынған жолмен жүріп, білім мен ғылымға ұмтылды, еңбек етіп, халыққа қызмет етті. Бұл үрдіс қазақ ақындары арасында әл де жалғасып келеді. Абайды архетип тұлға ретінде қабылдап әрдайым өмір жолында да, ақындық жолында да шырақшы ретінде қабылдап шығармашылығында Абаймен сырласпаған, Абаймен мұңдаспаған қазақ ақыны кемде-кем. Бір ақын үшін Абай «бас ақын», бір ақын үшін Абай «Хакім», бір ақын үшін Абай «ғұлама», бір ақын үшін «рухани ұстаз», біреу үшін Абай «мұңдасы», енді біреу үшін «сырлас», міне бұл тізімді әлі ұзақ жалғастыруға болады, себебі «әр қазақтың өз Абайы» бар екені ақиқат. Себебі архетип тұлға тұтас сол ұлттың мәдени құндылықтарымен сабақтасып, халықтың мәдени архетипі қатарына еніп кетеді. Біздің Абай да қазақ халқының брендіне айналып, қазақ десе шаңырақ, жылқы сияқты материалдық құндылықтармен қатар Абайдың қазақтың рухани құндылықтар қатарынан табылуы заңдылық.

Қорыта айтар болсақ, әлем әдебиеті тарихында тұтас ұлт санасына әсер етіп, архетип тұлға дәрежесіне көтерілген ақын-жазушылар мен дара тұлғалар жетерлік. Мәселен, ағылшындықтардың Шекспирі, орыстардың Пушкині, немістердің Гетесі, өзбектердің Науаи, қытайлықтардың Либайы, ал қазақты Абай арқылы тануға болады. Ұлттың «рухани төлқұжатына» айналып, өз дәуірінде сол елдің әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен экономикасына елеулі үлес қосып, ұлт санасын трансформациялауға күш салған тұлғалар ел есінде мәңгілік қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ходжсон К. Көшбасшылық философиясы [Электрондық ресурс]. URL: <https://studfile.net/preview/9761105/page:20/>.
2. Андреев А.Н. Лишний Пушкин. – Москва: Директ-Медиа, 2014. – 244 с.
3. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 т. – Алматы: Жазушы, 2016. – 296 б.
4. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан [Электрондық ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy.
5. Шокальски Е. Феномен сакрализации и десакрализации в поэзии Сергея Есенина. //Наследие Есенина и русская национальная идея: Материалы Международной научной конференции. Рязань, – 2005. – с.169-178.
6. Юнг К.Г. Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству [Электрондық ресурс]. URL: http://www.bibikhin.ru/ob_otnoshenii_analiticheskoy_psihologii_k_poetiko_hudozhestvennomu_tvo_rchestvu.
7. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2 т. – Алматы: Жазушы, 2016. – 336 б.

Аннотация: В данной статье автор рассматривает образ Абая как культурный архетип.
Ключевые слова: архетип, личность, поэт, культурный архетип.

THE PERSONALITY OF ABAY AS A CULTURAL ARCHETYPE

Demessinova L. M.
L. N. Gumilyov ENU
Astana, Kazakhstan

Abstract: In this article, the author considers the image of Abay as a cultural archetype.
Key words: archetype, personality, poet, cultural archetype.

РОМАН-ЭССЕ В ТВОРЧЕСТВЕ В. МИХАЙЛОВА

Джумагалиева У.З.,
магистр педагогических наук, докторант
КазНУ имени аль-Фараби
[*uzima8282@mail.ru*](mailto:uzima8282@mail.ru)
Научный руководитель – Ананьева С.В.,
к. филол. н., ассоциированный профессор
Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова КН МНВО РК
Алматы, Казахстан
[*svananyeva@gmail.com*](mailto:svananyeva@gmail.com)

Филология как социальный институт обеспечения коммуникации играет большую роль в современном обществе и в современном образовательном пространстве. Научное изучение художественного наследия русских поэтов и писателей имеет большое значение для характеристики историко-литературного процесса. В современной русской литературе Казахстана В. Михайлов является одним из основоположников жанра беллетризованной